

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК  
Қамқоршылық кеңес отырысының**

**Хаттамасы**

Өткізілген орны: 104 кабинет  
Өтілген мерзімі: 2022 жыл 9 желтоқсан  
Өткізілген уақыты: 11.00

**Қатысушылар:**

1. Шаханов Қазыбек Берикович - Қамқоршылық Кеңестің төрағасы
2. Сарыбаев Ғалиаскар Төлендіұлы - Қамқоршылық Кеңестің мүшесі, ата-ана
3. Ниязова Гулияш Балкеновна - Қамқоршылық Кеңестің мүшесі, ата-ана
4. Жунисбекова Самал Болатовна – Қамқоршылық Кеңестің мүшесі, ата-ана
5. Станова Гүлсім Аманбайқызы – әлеуметтік педагог
6. Бейсекова Толкын Батырбайқызы - хатшы

**Күн тәртібінде:**

1. ҚР Президентінің жаңа жылдық шыршасына қатысатын оқушыны ұсыну.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Станова Гүлсім Аманбайқызы сөз алып, Білім басқармасының 08.12.2022 №107-13-33/1396 бұйрығымен таныстырып, бұйрық негізінде 2022-2023 оқу жылындағы ҚР Президентінің жаңа жылдық шыршасына жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, ерекше білім алуды қажет ететін балалар, мүгедектер, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта немесе қоғамдық өмірде жетістіктерге жеткен дарынды санаттағы оқушыларды жіберу керектігін жеткізді. ҚР Президентінің жаңа жылдық шыршасына 9-13 жас аралығында оқушылардың қатысатындығын және жаңа жылдық мереке 2022 жылдың 25 желтоқсан күні Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында сағат 11.00-де өтетіндігін хабарлар етті.

Аталған санаттарға сәйкес бірнеше оқушыларды атап өтті. Тұл жетім 2 «А» сынып оқушысы Федулкин Газиз, 2 «Ж» сынып оқушысы Сәбитбек Әлихан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 2 «В» сынып оқушысы Соловьев Лев Алексеевич, 1 «Е» Соловьева София, көпбалалы және аз қамтылған отбасыдан 4 «Ә» сынып оқушысы Дәуренбек Ақнур Дәуренбекқызы, 3 «Г» сынып оқушысы Қанатбек Асия, 5 «И» сынып оқушысы Болат Гүлжан, ерекше білімді қажет ететін оқушы Сейтканов Нұрлыбекті атады және осы санатқа сәйкестігін дәлелдейтін құжаттармен таныстырды. Осы оқушылардың ішінен ҚР Президент шыршасына 2 оқушыны жіберуді ұсынды. Осы орайда тұл жетім 2 «А» сынып

оқушысы Федулкин Газиз былтырғы ҚР Президентінің жаңа жылға қатысқандығын ескертті. Сонымен қатар 2 «Ж» сынып оқушысы Сәбитбек Әлиханнның жасы ҚР Президентінің жаңа жылдық шыршасына қатысушылардың жас санатына сәйкес келмейтіндігін жеткізді, сондықтан Астана қаласы Әкімінің шыршасына жіберуді ұсынды.

Қамқоршылық Кеңестің төрағасы Шаханов Қазыбек Берікұлы сөз алып, бұған дейін ҚР Президентінің және қала Әкімінің шыршасына қатыспаған оқушыларды қатыстыру қажет екенін жеткізді, аталған оқушылардың құжаттарымен танысып, аз қамтылған отбасы және көпбалалы отбасыдан шыққан 5 «И» сынып оқушысы Болат Гүлжанды ҚР Президентінің жаңа жылдық шыршасына қатыстыруды ұсынды.

Қамқоршылық Кеңестің мүшесі Жунисбекова Самал Болатовна сөз алып, құжаттармен таныса отырып ерекше білім алуды қажет ететін 3 «Ж» сынып оқушысы Сейтканов Нұрлыбекті ҚР Президенті шыршасына қатыстыруға ұсыныс жасады.

Жиналысқа қатысқан қамқоршылық кеңес мүшелерінің барлығы жоғарыда ұсынылған оқушылардың ҚР Президентінің жаңа жылдық шыршасына қатысуын қолдап, келісімін берді.

### **Шешімі:**

1. ҚР Президентінің жаңа жылдық шыршасына аз қамтылған және көпбалалы отбасыдан шыққан 5 «И» сынып оқушысы Болат Гүлжанды, ерекше білім алуды қажет ететін 3 «Ж» сынып оқушысы Сейтканов Нұрлыбектің қатысуы қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы  
Қамқоршылық кеңес мүшесі  
Қамқоршылық кеңес мүшесі  
Қамқоршылық кеңес мүшесі  
Әлеуметтік педагог  
Хатшы



Қ.Шаханов  
Ғ.Т.Сарыбаев  
Г.Б.Ниязова  
С.Б.Жунисбекова  
Г.Станов  
Т.Бейсекова